

Абай ауданы Южный кентіндегі есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормаларын бекіту туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 09/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 наурызда № 4169 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10313 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданы Южный кентіндегі есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Әбдібеков

Қарағанды облысы
әкімдігінің 2017 жылғы
"09" ақпандағы
№ 09/01 қаулысына
қосымша

Абай ауданы Южный кентіндегі есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормалары

№	Тұтынушылар санаты	Жылумен жабдықтаушы ұйымның атауы	Өлшеу бірлігі	Мағынасы
1	"Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" акционерлік қоғамы қазандығынан жылынатын Южный кентінің тұтынушылары	"Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" акционерлік қоғамы	Гигакалория / шаршы метр	0,0527

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК